


ISSN 1811-1823

# ФЫЛЫМЫ ЖУРНАЛ



С. ТОРАЙГЫРОВ АТЫНДАГЫ  
ПАВАОДАР МЕМАКЕТТИК  
УНИВЕРСИТЕТИ

ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ СЕРИЯ



ПМУ ХАБАРШЫСЫ  
ВЕСТНИК ПГУ

1'2011

## ҚАРАМОЛА ЕРЕЖЕСІНДЕГІ ЗАҢ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН

**A.E. Баербекова**

Қазтұтынуодагы Қарағанды экономикалық университеті,  
Қарағанды қ.

1885 жылдың мамыр айында Семей өнірінде Шар өзені бойында Қарамола жерінде қазақ халқының төтөнші билер съезі өткізілді. Бұл съезд Қарамола съезі деп аталды. Съезге: Семей, Кереку, Қарқаралы, Өскемен, Зайсан – бес дуанның болыс, билері, танымал адамдары катысқан. Жалпы алғанда, Қарамола съезінә жүзге тарта болыс пән билер, ел басқарушылар, катысқан. Съезді басқарған Семейдің сол кездегі генерал-губернаторы Циклинский мем әр уездің начальниктері.

Негізінен, осындай съездерде патша әкімшілік орындары жер дауы, жесір дауы, барымта, үрлік сияқты дауларды шешінетін. Сонымен катар, едеп алым-салық жинаитын еді. Бұл съездің бір ерекшелігі – сауда саттық мал мем зат айырбасы жүргізілсе, сонымен бірге, әкімшілік, саяси-құқықтық мәселелер қарастырылған. Ал ең басты ерекшелігі – қазақ халқының ұлы ақыны, төбе биң атанин Абай катысқан. Ұлы ақын Абай дана да дара ойшыл, талас-тартыстың, даудың ақиқатын бір ауыз сөзбен бере білген әділетті би болумен катар, қазақ жерінде заң-ережелерінің дүниеге келуінде де айрықша өсер еткен. Ұлы ақын жазуға катысқан «Ереже» - XIX ғасырдың аяқ кезінде, 1886 жылы Қазан университетінің баспаханасында тұptеліп, араб әрпімен баспаға шыкты. Абайша, заң - әділдікке жеткізетін, бейбітшілік пән тыныштықты сактайтын тәртіппер мем нормалардың жиынтығы болыш табылады. «Ережеде» осы қағидалар берік үстанылған. Зерттеушілердің бірі ереже 73 баптан тұрады десе, енді біреулері 74 баптан тұратындығын айтады.

Қарамола ережесі туралы деректер баршылық. Сол деректердің бірі – ғалым Б.Әбілқасымовтың «Абай» журналында жазған «Абай жазған ереже» деп аталады. Автор атап-ан ереженің баспаға шыгуы туралы біраз деректер келтіреді. Ғалым 70-ші жылдардың орта кезінде атап-ан ережені Қазан қаласындағы Татар АССР-і мемлекеттік архивінен кездестірген. Фотокөшірмесін жасап, қазіргі графикамызға транскрипциялап, ереженің тілдік ерекшеліктеріне сипаттама берген. Осы деректі ғалым 1982 жылы шыққан «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты монографиясында соз ететінін макалада айтып кеткен.

Абайдың қатысуымен қабылданған «Қарамола ережесі» заңдық тұрғыдан зерттеген Өтепберген Ақынбекұлы 2007 жылы «Парасат» журналының №2

санында «Абай – қазақтың Төбе би» деген мақала жариялады. Мақалада «зангер ғалымдардың XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Абай биліктерін прецеденттік сипаттағы сот шешімдерінің жарқын үлгелері» деген бағалағандары туралы жазылған [1, 2-5]. Мақаланың күндылығы - XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы құқықтық нормаларды Қазақстан Республикасының Азаматтық және Қылмыстық кодекстеріндегі баптармен салыстыра отырып зерттеуінде жатыр.

Ережеде кездесетін терминдерге келетін болсақ, заң терминдері молынан колданылған: «Бәлиғатқа толмаған қызды зорласа, айышқа лайықты қалыңмалының үш бөлігінін бір бөлігін береді», - деген сөйлемде «бәлиғат» сөзі ерекше назар аудартады. Түсіндірме сөздікте «бәлиғат» сөзіне берілген анықтама:

1. Бәлиғат зат. сөйл. Балиғат. Жесір қалған жас әйел екінің бірінде пәләндей бір байдың көп қатынының бірі болып кететін немесе өзінің болашақ қүйесі ер жетіп, бәлиғатқа толғанша күтуге міндettі болған (ҚазССР тарихы) [3, 192].

2. Балиғат: балиғатқа толды. Кәмелетке толды, ер жетті. Балиғатқа толған қызы түрмисқа шығып, екі жылдың ішінде бала көтермесе, онда ерінің не өзінің бедеу болғаны (м.исамбаев, Мед. анықт.) [3, 83].

Балиғат/бәлиғат сөзі кәмелет сөзінің ертеде қолданылған нұсқасы болып табылады. Кәмелет деген сөздің өзі араб тілінен «кәмалат» деген сөзден шыккан. Арабша-иранша сөздікте берілген түсініктемеге қарағанда, алғашқы мағынасы «полнота, законченность, совершенство» болған, ал кейінгі мағынасы «зрелость, совершенство» болады [4, 132].

Ережеде: «Береке бітім салауат бітім қылуға мүмкін..» деген сөйлемде бітім сөзі кездеседі.

Қазақ әдет-ғұрып құқығына байланысты ұғымның бірі – бітім сөзі. Қазақ тілнің түсіндірме сөздігінде «бітім» сөзіне берілген анықтамасы: «Бітім. зат. 1. Белгілі бір пәтуаға келген келісім, тоқтам. Қоқ қасқа сойысып, бата қылысып, құдай-құранды айттысып, араздықты тастасатын болып, бітім табысты. (М.Әуезов, Қараш). 2. Соттың (бидердің) шешімі, тоқтамы. Бітім айтты. Мәмлекетге келтірді, келісім айтты. Ерек болған сон екпінім де бар шығар, ептілгім де бар шығар. Бірақ бұл жолы үкім айтпаймын, бітім айтамын (Б.Нұржекеев, Құй) [3, 630].

Ертедегі қазақ қоғамында, яғни әдет-ғұрып жүйесінде би үйғарымы бойынша дауға түскен екі жақтың екеуін де көндіріп, бір-бірімен келістірген. Бітімге келген жақ айып немесе құн төлең, тоқтамға келіп тарасатын болған. «Бітім» сөзінен «бітімші» деген сөз өрбіген, екі жақты бір-бірімен келістіруші адам деген мағынаны білдірген. Бітім сөзі қазіргі таңда жиі қолданылады. Халықаралық құқықта мемлекетаралық факт ретінде қолданыс талқан.

Ереженің 11-ші бабында «күмән» сезі қолданылады: «Күмән жауапкердің елінің болыстық молдасының күранмей кесім айтылады»

«Күмән» сезі парсы тілінен «гоман» сезілен шықкан. Бастапқы мағынасы ой, пікір, болжам болса, кейіннен өрбіген мағынасы күдік, сезікті ой, шұбә келтіру болыш табылады. Түсіндірме сөздікте берілген анықтамасы:

«Күмән зат. Сенбеуден туған сезікті ой, шұбә, күдік. Қасымды әкпардың өлтіргеніне онсыз да сеніп тұрган Бүркіт енді тіпті күмән келтірмеді (І. Есенберлин, Қатерлі)» [5, 304].

Ал «шұбә» сезі араб тілінен «шобхे» деген сөзден шығып, бірінші мағынасы ұқсастық, екінші мағынасы сезіктену, күдіктену мағынасында қолданылған.

«Подозреваемый» хакында. Қылмыстық кодекс оны «күдікті» дейді (347-бап), КДЖК-тің барлық бабы оны «бірауыздан» «сезікті» деп атайды. БАҚ-тарда мұны «күмәнды» деп аударушылар кездеседі. Қайсысы болса да заңдық актілерде осының тек біреу қолданылғаны ләзім. Қайсысы дұрыс? Күдікті сезі сезіктіге қарағанда дәлірек сияқты» [6, 5].

Айтылған ойға қарағанда, қазіргі тілімізде «подозреваемый» сезінен дәл келетін термин «күдікті» сезі.

«Яғни би күәні шақырып, тиісті жауабын алса, онда дауды күмәнға салады» сөйлеміндегі күә сезі ереженің 9-шы бабында кездеседі.

«Күә» сезі де заң термині. Күә (свидетель) - нақты іс бойынша анықталуға тиісті кандай да бір мән-жайлардан хабардар адам. Корғаушының нәмесе өкілдің міндетін аткаруларына байланысты өздеріне мәлім болған мән-жайлар жонінде айыпталушының корғаушысы, адвокат, когамдық бірлестік өкілдері, сондай-ақ тәні нәмесе психикалық кемістігінің салдарынан іс үшін мәні бар жағдаяттарды жете сезіну, әрі олар хакында дұрыс көрсетімдер беру қабілеті жоқ адамдар күәгер ретінде жауапталмайды.

Күә сезі парсы тілінен «гәвән» сезінен шықкан. Қазак халқында бұл сезерте кезден қолданылып келе жаткан сөздердің бірі. Оған дәлел қазак мақалмәтелдері болып табылады: Күәлі істі күә табар, күәсіз істі күмән табар.

«Күә» сезінен берілген түсініктемелерге назар салсак:

Күә зат. Болған істін ақиқатын растауышы, шындығына айғақ болушы. Зәбір көргенді, күәларды қазбалап сұрап алып, заң бойынша үкім шығаруга тырысады (М. Қаратасев, Даала) [3, 252].

Күәгер зат. Куәлікке жүретін адам, не басқа зат. Нарынкум деген батыс қазактарының өмірін сонау көн заманнан бері коріп келе жаткан тұлсіз күәгер фой (Ә.Әлімжанов, Махамбет) [3, 252].

Гуah, куа, күә. 1. Бір нәрсеге айғақ болушы, растауышы. 2. Куәлік, айғактық. Әділ істің күәсі женіс тауып, Берлиннің төбесінде тігіп кеттік (Ә. Сәрсембаев). Отірік көрмегенін көрдім деуші күәлер да әлдеқашан дайындаған қойылған, бағанағы жаксы адам сайлауға жарамасы үпли (Абай) [7, 239].

«Алдымен жаңылтпаштай жаңылдырып жүрген «свидетель» мен «понятой» баламаларынан бастасақ. (Понятой – қылмыстық ізге тұсу органы тергеу іс әрекеттерін жүргізу фактісін оның барысы мен нәтижелерін куәландыру үшін тартқан іске мұдделі емес, кәмелетке толған адам). Қылмыстық іс жүргізу кодексінің қылмыстық процеске қатысушыларды сипаттайтын тұсында (2-бөлім) свидетельді – «куә» деп береді (10-тарау, 82-б.). Ол әүел бастан «куәгер» еді, жарайды, «куә» болсын-ак делік, ал понятой бұрындары «айғақ адам» деп аударылатын. Кодекстің сол бөлімі сол тарауында мұны «куәгер» деп аударады. Бұған да келістік. Бірақ дәл осы ҚДЖК-нің 286-бабында жана ғана свидетельге «куә» деп қонырау таққан аудармашының бұл ұғымды қайтадан «куәгер» деп баяндайды. Свидетелі қайсы, понятойы қайсы – жұмбак! Еріксіз орысша мәтінге жүгінбеске шара жок.

Конституцияның 77-бабы мен Қылмыстық Кодекстің 347-бабы свидетельдің «куәгер» екенін растай түседі. Біздінше, свидетельге «куәгер» аты қайтарылып беріліп, понятойға басқаша балама іздестірілуге туіс» [6, 5].

«Ресей империясының праволық нұсқаулары негізінде енген ұғымдарды билдіретін атаулардың тағы бірі – арыз. Ол қазак тілі лексикалық құрамында бұрыннан бар сөз, орыс тіліндегі ұғымды дәлме-дәл (калька жолымен) аударудан келіп жаңа мағынаға (терминдік мәнге) ие болған. О баста бұл сөз тілек, өтініш, шағым сөздерімен синонимдес айтылып, солармен катар жұмсалған. Арыз айтты, арызы жетді, арыздасып айтқан сөз (өлім аузындағы коштасу) тіркестеріндегі мағыналары жалпыхалықтық лексикадагы мағыналары болып табылады. Терминдік мәні шағым ұғымын билдіретін мағынасынан өрбісе керек. Өйткені «шағым» біреуден зәбір көрген кісі екінші бір кісіге сол мұнын айту дегенді билдіреді. Осы мағынасын негізінде орыс империясының сот жүйесі келгенмен кейін, дауласудың жаңа тәртібі ретінде жәбірленушінің үстінен айтайын дегенін жазбаша қағазға түсіріп, күжат етіп беру мағынасы туындағы да, ол занлық терминге айналды. Осы қызметте арыз сөзі реси күннің өзінде жіңі колданылады. Айта кететін бір жай қазіргі түлімізде арызқұмар, арызшы, арызқой деген модальдік мәндегі «бұзакы», «бәлекор» ұғымын билдіретін сөздердің мазмұны «арыз» сөзінің терминдік мағынасының кейінгі дамуына пайда болса керек.

Қазақ тілінің тұсіндірме сөздігінде: Арыз зат. 1. Мұн-мұктаж, тілек. Тында менің арызыымды, сөзін адад, шын болса. Жолдастық ақта қарызынды, Сіз саусыз да, біз ауру. Байқадық бейнә тәрізінді (Ү. Қөрібаев, Шығ.). 2. Өтініш. Директорға жазды Маша арызың, Айту менің азаматтық парызым. Тапсырмасын орыннадым тыңдырып, Жок ешкімге енді өткізер қарызым (А. Хангельдин, Қыз жүрегі). 3. Наразылық білдіре айтылатын шағым. Эзімхан сот мекемесіне барып, Шәкір мен Қананның қылыштарын айтып арыз бермек болды (С. Сейфуллин, Таңд.) [3, 357], - дедінген.

Ал, Л. Рұстемовтің сөздігінде: «Арыз ар. [см. араз] – 1. заявление, прошение. 2. Жалоба на кого-л. 3. проплание, прощальное приветствие», деген үпі мағынасы берілген [6, 32].

Абай шығармаларында бұл сөзді біреудің үстінен жазылған шағым және ауыспалы тілек, өтініш мағынасында колданған. Сонымен қатар, шағым жазғыш, арыз бергіш мағынасында «арызышы» сөзін жиі пайдаланған.

Абай шығармаларындағы араб, парсы сөздерінің барлығына дерлік ауыспалы мағына бере білген. Ондай жәйттер өте көп. Абай тіліндегі «қағаз» сөзі де халық тілінде бар лексема. Ақын бұл сөзді парсы тіліндегі мағынасында қолданған: «Ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын...»

Ата-ананың қызметін,  
Алған жардың қарызын  
Өтемей кеткен бейнетін  
Қағазға жазған арызын.

Ал енді ауыспалы мағынада Абай «қағаз» сөзін «документ, арыз, шағым» мәнінде қолданады. Абайдың мұндай қолданысы сол кездегі ауызекі тілдің әсерінен болу керек.

Бұрынғыдай дәурен жок,  
Ұлық жолы тарайды,  
Өтірік берген қағаздың  
Алды артына қарайды.

Біздің ойымызша, «арыз» сөзі «ар» түбірінен шыққан. «Ар» түбірінен «ары (ар-ұты), арыз, аршу (бірдеменің сыртын тазалау)» сөздері тараған. Көне түркілік «ар» сөзі «чистый, беспорочный, незапятнанный, светлый, ясный, прозрачный, хороший, красивый» деген мағыналарда қолданылған [8, 185].

Қазіргі тілімізде «арыз» сөзі орысша «заявление» деп аударылады. Адамның өз занды құқығын пайдаланып, жоғарылаузын иссінде ресми түрде жазған немесе ауызша айтқан мәлімдемесі, біреуден шеккен қиянаты, көргөн көрльік-зорлығы жайындағы жәбір көргөн адамның берген шағымы, сонымен қатар, қылмыскердің заң орнынан кешірім сұраған өтініші үтімдарында қолданылады.

Ережеде: «Некесі қылмағандардың арасындағы даулар қыздың елінде бітіседі» деген сөйлемдегі «неке» терминіне келер болсақ, неке сөзінің мағынасындағы өзгерістерден де заңдық атаудың біргіндеп қалыптасқандығын көруге болады. Бұл сөздің бастапқы мағынасы екі жастың (ер мен әйелдің) жеке отбасы болып бірлесіүі дегенді билдірген және оны салттық (әдептік) тәртіп бойынша дінбасы молдалар орындаған («некесін кию», «некеге отыру» тіркестері осыны білдіреді). Ал қазір бұл процесс мемлекеттік мекеме орындастыны ереже азаматтық акті болып саналады, оған оның орындалуына, заң жүзінде корғалуына өзгеши мән бериледі. Соңдықтан да бұл үтімның атауы «казаматтық право» саласындағы негізгі үтімдардың бірін билдіретін терминге айналған.

Л. Рұстемов сөздігінде: «неке араб. [нека: 1. брак; 2. совокупление]. 1. бракосочетание, брак, семейный союз мужчины и женщины. 2. религиозное бракосочетание, чаще всего совершается в доме жениха», [4, 54] - деп жазылған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: Неке зат. Жаңа үйленген адамдардың ерлі-зайыпты болғандығын ресми түрде зандаңдыру ісі. Жаңа үйленіскең жастар осы Қоури храмына келіп, тізелерін бұгуқажет болған. Некелері содан кейін ғана берік болады-мыс екен (М. Әүезов, Индия очерк).

Неке қуәлігі (қағазы). Жұбайлардың некеленгендігін білдіретін ресми документ. Жаңа қосылған жастарға неке қуәлігі көшіліктін басы қосылған жерде, салтанатты түрде тапсырылды («Мәдениет жөне тұрмыс») [3, 341].

Неке – неке және отбасы заңы бойынша ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке өзіндік қатынастарды туғызатын, отбасын құру мақсатымен зандарда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған және азаматтық хал актілерін тіркейтін мемлекеттік органдарда тіркеլген ерекк пән әйелдің арасындағы тен құқықты одак болып табылады. Ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері тек мемлекеттік тіркеуден откөнген кейін ғана туындаиды.

Неке сөзінен неке жасы – брачный возраст, Неке сарайы – Дворец бракосочетания, неке шарты – брачный договор, некені бүзу – расторжение брака, некесіз туган бала – внебрачный ребенок т.б ұғымдарды білдіретін термин сөздер жасалған.

XIX ғасырдың екінші жартысында мынадай байырғы сөздер терминдік мәнге не болды: дау, бітім, береке бітім, билік, айғақ, қуәлі, құн, калын маң, жаза т.б. Терминдік мәнге не болған тағы бір сөз – «салаяут» термині. Билер сотындағы «кешірім» деген мағынаны білдірген Қарамола ережесінің 25-ші бабында: «Құң, жесір даулары жылдан аргылары салауат. Өзге даулар он жылдан аргылары салауат», - деп берілген. Аталған сөйлемдерде «салаяут» сөзі «кешірім» мағынасын білдірін түр. Жалпы кешірім сөзі де жалпыхалықтық сөздік қорда бар, оның зандақ ұғымды білдіретін мәні кейін пайда болған. Бастанқы ңегізгі мағынасы күнәсін кешіру, кемшілігін кешіру, кешірім сұрау т.б. осы тәріздес бірқатар ұғымды білдірген болса, кейиннен осы мағыналардан өрбігенд кешірім (помилование), рақымшылық жасау (амнистия) ұғымдарын білдіретін жаңа мағынасынан зандақ ұғымды білдіретін термин пайда болған.

Севортян сөздігінде «кеш (геч)» сөзінің он үш мағынасын береді, соның жетінші мағынасы «прощать, помиловать» [8, 33]. Сонымен катар, қазақ тілінің сөздік корында кешіру, аяу мағынасында «скарылқау» сөзі бар. Бұл жарылқау сөзі көне түркі тілінде «йарлықамак» түрінде келген: «Исконное слово йарлықамак со значением «милость, помилование» наблюдается в «Находжул-фарадис»: Хақ та'аланың йарлықамакыны важиб қылған уч нарса туур – Тремя вещами можно заслужить милость всеявышнего. Это слово первоначально фиксируется в

«Тефсире» в фонетических модификациях йарлықамак: Бағышладымыз айларка бизиң йарлықамақымыздын – Мы даровали им милость нашу и йарлықанмақ; Бәрдимиз анар йарлықанмақ – Мы дали (оказали) ему милость». Глагол йарлықа со значением «оказывать милость, миловать; прости, жалеть» неоднократно встречается в памятниках исследуемой эпохи: Йазуклуғман мәни сән йарлықа – Я грешник, прости меня», - деп жазады ғалым Х. Дадабаев [9, 91]. Яғни «қарылғау» сөзі ерте заманда «кешіру, аяу» мәнінде жұмысалған екендігін анықтайды.

Сонымен бірге, ерте кездерде «кешірім ету» мағынасында «ғафу» сөзі де жұмысалғандығын білеміз. Ғафу сөзі араб тілінен «әғфу» деген кірме сөз. Алағашқы мағынасы «прощение, извинение, помилование, амнистия» мағынасында қолданылған, кейіннен «прощение, извинение» мәнінде ғана жұмысалғандығын көреміз.

«Амнистия» – грекше ұмыту, кешіру мағынасын береді. Бұл термин халықаралық термин болып табылады. Ал «помилованиенін» баламасы оғаптау болып келеді. Алдындағы «по» приставкасын алып тастасақ, «миловать» болып шығады. Ал оның түбірі кешіру, аяу мағынасын береді. Бұл сөз орыстарда көнеден жатыр. Талай тезге салынған, ажал аузындағы бейбак патшасынан шыбын жанның саулығын сұрап, «живота, Великий Государь, помилуй нас», - деп ағына жығылған-ақ шығар. Ықылым заманнан атқа конып, жауға шапқан біздің бабаларда жанның саулығын сұрап сөзі болмағаны ма? Эрине, бар, біледі де. Ертеде өлімге нәмесе ауыр жазаға кесілген адамға сауға (ғұрып) кешірім, бостандық, женилдік сұрамас па еді. Егер алмагайып заман туып, қазақ тіл орыс тіліншің ықпалына ұшырамағанда сан ғасырдан келе жатқан сауға сөз (институты) сауға қалпында қалмаспа еді [10, 3]» - дей келе, «сарқа пайдалану қағидасын» ұстанып, «помилование» сөзін «кешірім беруден» ғөрі, «сауға беру» деп алуды ұсынады.

Кешірім жасау, яғни помилование – қылмыс жасағаны үшін сотталған адам кешірім жасау кезінде жазаны одан әрі өтегеден босатылуы мүмкін не оған тағайындалған жаза қысқартылуы нәмесе жазаның негұрлым жеңіл түрімен ауыстырылуы мүмкін. Жазасын өтеген адамнан кешірім жасау актісімен соттылығы алынып тасталуы мүмкін. Жеке адамға ол жөнінде айыптау үкімі заңды күшіне енгег жағдайда кешірім жасау туралы актін Қазақстан Республикасының Президенті шығарады екен.

Қорыта келгенде, амнистия сөзін «ракымшылық ету» деп аударсақ, кешірім ету үғымын «сауға беру» нәмесе «салауат ету» деген дұрыс болар деген ойдамыз.

Қарамола ережесінің 14-ші бабында «кесім» сөзі кездеседі: «Күмән жауапкердің елінің болыстық молласының құранмен кесім айтылады». Сөздік корда кездесетін «кесім» сөзі мен «үкім» сөзі синонимдес болып келеді. Ережеде қолданылған «кесім» сөзі үкім, шептім мағынасында қолданылған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «кесім» сөзінің екі мағынасы берілген: «Кесім зат. 1. Айыптау шешімі, шығарылған үкім, кесік. 2. Үзілді-кеслі пікір, тұжырымды ой қорытындысы» [3, 3]. Ал «үкім» терминіне мынадай анықтама берілген: «Үкім зат. 1. Соттың қылмысты істер жөніндегі шешімі, жаза. 2. Аудыс. Кесім, жарлық, билік» [3, 541].

«Арабское заимствованное слово хукм первоначально употребляется в поэме Юсуфа Баласагунского: Байат хукмы – ул барча эзгу эсиз – Все хорошее и плохое по велению бога. Наблюдается оно и у Ахмеда Юнаки. Хукм в хорезмийских памятниках XIVв. Употребляется как «решение», «воля», в словаре Замахшари функционирует в смысле «судебное решение». В арабском языке слово хукм широко используется в разнообразных сферах жизни со значениями: 1. господство; 2. власть, правление; 3. режим, строй; 4. постановление, решение, приговор, веление, заповедь, норма; 5. суждение, определение, понятие», -деп жазады ғалым Х.Дадабаев [9, 64].

Қазіргі тілімізде, заннамада «вердикт» үғымы кездеседі. Бұл «шешім, үкім, үйғарым» дегенді білдіреді. Кесім мен үкімнің өздерінә тән өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Ерте дәуірлерде билер кесім не үкім шығаратын болған. Үкім ауыр қылмыстық істерге шығарылса, ал кесім женіл, мұліктік істерден туындаған дауларға шығарылған. Сол себептә «судебный вердикат» термишін «сот кесімі» деп аударған жөн сияқты.

Корытындылай келсек, «кесім», «кесік» сөздері «кес» түбірінен тараң, «кесім», «вердикт», «үкім» де белгілі бір мәселе жөнінде лауазымды тұлғалар шығарған шешім, байлам болып табылады.

Қарамола ережесі «Семипалат облысының беш дуанының барша халқының салланыш адамдарының 1885 жылында май айында Шар бойында Қарамола сиесінде жасалмыш ережесі дұр» деп аталады. Осындағы «дуан» сөзі парсы тілінің «диван» сөзінен шыккан: «дуан пер. [диван: ист. Государственная канцелярия, высший правительственный орган, отделение, ведомство] – уст. город»[4, 97]. Яғни бұл сөздің көне мағынасы жоғарғы құқықтық орган болса, кейіннен «қала, аймақ, болыс» деген территориялық мағынаны білдірген. Ережеде кейінгі мәнінде жұмсалған.

Ережеде бұдан басқа да көптеген заң терміндері кездеседі, біз тек кейір терміндерді ғана талдауға тырыстық. Ереженің бір ерекшелігі, ол – көшпелі қогамдағы катынастардың негізгілерін қамтуы, оларды жік-жікпен реттеуге үмтүлүзу. Осындаі және басқа да ерекшеліктерімен Қарамола ережесі еліміздің өмірінде аса құнды тарихи құқықтық ескерткіш болып саналады.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақылбекұлы Ө. Абай – қазақтың тәбе би. Парасат. 2007. №2.
2. Қазактың Ата зандары// Древний мир казахов. // ред.басқ. Зиманов С.З. Алматы, Т5. 544 б.

3. ҚТС. 2 том. // ред.басқ. Ысқақов А.Ы. - Алматы: Фылым. 1976, - 695 бет.
4. Рустемов Л.З. Казахско-русский толковый словарь арабско-иранских заимствованных слов. - Алматы, 1982, - 159 б.
5. ҚТС. 5 том. // ред.басқ. Ысқақов А.Ы. - Алматы: Фылым. 1980, - 640 бет.
6. Алауханов Е./Заң терминдерінің аудармалары хакында// Қазақ әдебиеті, 2001. 21 желтоқсан (№21).
7. Ондасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. «Қазақстан» баспасы, - Алматы: 1974, - 240 б.
8. Севортян Э.В. «Этимологический словарь тюркских языков». - Москва, 1974, - 767 с.
9. Дадабаев Х.А. Общественно-политическая и социально-экономическая терминология в тюрко-язычных письменных памятниках XI-XIVвв. Диссертация канд.фил.наук. - Ташкент, 1991. - 381 с.
10. Алмас Жұмағалиұлы, Заң газеті. - №10, 1998.